

## Инспекциялау туралы Сұранымның Кеңес жасаған аудармасы

### Бірінші Сұраным (2010 жыл, 5 ақпан)

Кімге: Атқарушы Хатшыға; Инспекциялық Кеңес  
1818 Н көшесі, Норст-Вест, Вашингтон, 20433, АҚШ  
Факс : (202) 522-0916, немесе соған сәйкес Офистің назарына

1. Біз \_\_\_\_\_ және \_\_\_\_\_ Қазақстан Республикасы : Оңтүстік Қазақстан облысы , Түркістан қаласы, Қарашық селолық округі, Бірлік елді мекенінің тұрғындарының атынан.  
Біздің мекен жайларымыз көрсетілген.
2. Қазақстан Республикасында "Батыс Еуропа - Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәліз(ОАӨЭЫ - 1b және 6b) Оңтүстік-Батыс автомобиль жолдарының Жобасын жүзеге асырған кезде Дүниежүзілік банктің жіберген кемістіктер мен олқылықтардың нәтижесінде бізге белгілі бір зиян келуі мүмкін.
3. Жобалық шешіммен жолдың Түркістан қаласындағы бөлігі кәзіргі қолданыстағы айналмалы трассамен өтуі белгіленген. Трассаның ең тар бөлігінде ол Бірлік елді мекенінің 30 үйінің маңынан өтеді және ол бір жағынан қатарлап салынған үйлердің, ал екінші жағынан "Оңтүстікполиметалл" компаниясына баратын темір жол торыбының араларында қусырылған. Жолдың шеті мен үйлердің ара қашықтығы 5-15 метр, бұл автомобилдердің зиянды умен және шудың әсерінен алшақтататын аралық буынның ені 50 метр болу қажет деп белгілеген Дүниежүзілік банктің экологиялық стандарттарға сай келмейді. Мен Банкке 2009 жылдың 22 шілдесінде хат жолдағам. Жоба басшысы Жак Бюренің бұған шұғыл түрде назар аударып, өз командасымен келгенін және облыс Әкімінің орынбасары Әлиев Б.Н. өткізген кеңіске қатысқанын айта кету керек. Осының нәтижесінде 2009 жылдың тамыз-қыркүйегінде Бірлік поселкасындағы жолдың төселімін шұға қарсы экран мен орман алқабы көзделіп, темір жолға жақын жылжыту туралы жобалық шешім пайда болды. Бірақ бұл жаңа шешім де Жобаның салдарының өз мүдделеріне әсер ететін тұлғалар үшін Дүниежүзілік банктің экологиялық қауіпсіздік стандарттарына сай келмейді. Оған қоса, дәл осы арадан 1000 артық Бірлік мекенінің оқушылары мектепке барып қайту үшін жолды кесіп өтеді. Жобада, 2009 жылдың 13 қаңтарында Түркістанда болған қоғамдық тыңдауда айтылғанына қарамастан, жаяу жүрушілерге арналған не жер асты, не жер үсті өткелдердің құрылысы белгіленбеген. Жобалаушылар мен тапсырыс берушінің өкілі Түркістан қаласының әкімі Сыздықов, тұрғындардың талаптарын елемей тастады.  
Жобаға жауапкершіліктің ең осал жері - қазақстандық жергілікті атқамінерлер: олар өздерін “балаларының ғана мұқтаждығын білетін ұлттың атасы” санауға үйренген, ал тәрбиелеудің басты тәсілі “өз балаларын сабау” дейтіндер.  
Кәзіргі Түркістан қаласындағы айналмалы трасса Түркістанның 1500 жылдығының алдындағы шараларға байланысты бұдан бірнеше жыл бұрын салынған жол, шын мәнінде, қала дамуының бас жоспарына сәйкес, хабардар болған тұрғындардың айтуынша, трассаның өсіп келе жатқан қаладан едәуір қашықтықта салынуы біліленген болатын: қаланың солтүстік жағынан ол үшін ені 100 метрлік алқап кесіліп берілген, бірақ ол ұмыт кетті.
4. Дүниежүзілік банктің Іс-қимыл саясатының ОР 4.1 “Экологиялық бағалау” бұзылғаны көрініп тұр.
5. Біз 2009 жылдың 22 шілдесінде Дүниежүзілік банк қызметкерлеріне электрондық пошта арқылы хатпен жүгінгенбіз.

Банктің бұл мәселені шешуге бағытталған шаралары:  
2009 жылдың 30 шілдесінде өткен мүдделі тараптардың кеңесі, 2009 жылдың 5 қазанында Жак Бюре мырза бастаған жобалау командасымен өткен кездесу, Жак Бюре мырзаның 2009 жылдың 22 қарашасындағы жауап хаты жобаны жүзеге асыруға жауапты қазақстандық атқамінерлердің ойлау икемсіздігі мен кеберсушілігіне тіреліп отыр. Сондықтан да атқамінерлердің әрекеттері Бірлік поселкасының тұрғындарын қанағаттырмайды. Біз Банк тапсырыс берушілерден өз саясатын орындауды талап етуге құқылы деп есептейміз.  
6. Аталған мәселелер бойынша Инспекциялық Кеңес Дүниежүзілік банктің Атқарушы директорларына тексеру жүргізу туралы ұсыныс жасауын сұраймыз.  
2010 жылдың 5 ақпаны

телефондар: \_\_\_\_\_

e-mail: \_\_\_\_\_

телефондар: \_\_\_\_\_

Қосымшалар (қыстырылған):

-Бірлік поселкасының 46 тұрғынының өтініші

-өкілеттігін растау \_\_\_\_\_ және \_\_\_\_\_

### **Бірінші қатынас (2010 жылдың 10 наурызы)**

Кімге: Атқарушы Хатшыға; Инспекциялық Кеңес  
1818 Н көшесі, Норст-Вест, Вашингтон, 20433, АҚШ  
Факс : (202) 522-0916, немесе соған сәйкес Офистің назарына

Біздің аты жөндерімізді Қазақстан Республикасының билік иелеріне, Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне, Түркістан қаласының әкіміне жарияламауыңызды сұраймыз.

1. \_\_\_\_\_ Түркістан қаласы Қарашық селолық округі, Бірлік Поселкасы, ұялы тел.

2. \_\_\_\_\_ Түркістан қаласы Қарашық селолық округі, Бірлік Поселкасы

### **СҰРАНЫМ**

2010 жылдың 5 ақпанында біз сіздерге шағым жазғамыз. Ақпанда айында ҚР Көлік және коммуникация министрлігінен Көтербеков мырза, онымен бірге біздің қаланың әкімі, біз есімізде сақтамаған басқа да чиновниктер келді. Бізге жолдың қалай өтетінін айтты, көптеген тұрғындар риза болды, жолдың темір жолға жақан өтетініне келісті. Көтербеков мырза болса, бес жылдан соң мемлекет Түркістанның сыртынан жаңа айналмалы жол салынатынына, біздің үйлеріміздің алдына ағаш егілетіне, біздің балаларымыз үшін елді мекеннен мектепке автобус жүретініне уәде берді.

Біз осы айтылғандарды қағазға жазып алып, жол үшін жауап беретіндердің барлығының қол қойғанын тілейміз. Бірақ бес жылдан соң Сіздің Банк елден кетеді, ал олар өз уәделерін ұмытып, оны орындамай кетеді, содықтан да біздің сұрайтынымыз:

1. Үш жылдан (бес жылдан соң емес) соң мемлекет Түркістанның сыртынан жаңа айналмалы жол салынаты туралы туралы мырза Көтербековтың қолы және Министрліктің мөрі бар құжат жасауын.

2. Осы құжатқа оған қоса біздің үйлеріміздің алдына ағаш егілетіне, біздің балаларымыз үшін елді мекеннен мектепке автобус жүретініне уәде бергенін жазса. Біздің ойымызша, бұл құжатқа Түркістан қаласының әкімі, Көтербеков мырзамен бірге басқа да Қытай-Еуропа жолын салуға жауапты чиновниктер қол қойуға тиіс.

Біздің аттарымыз жария болмауын ескерте отырып, осы электронды поштадағы мекен жайымызды ашпай осы сұранымды жіберіп отырмыз.

Құрметпен Бірлік поселкасының тұрғындары

### **Екінші қатынас (2010 жылдың 8 сәуірі)**

Кімге: Атқарушы Хатшыға; Инспекциялық Кеңес  
1818 Н көшесі, Норст-Вест, Вашингтон, 20433, АҚШ  
Факс : (202) 522-0916, немесе соған сәйкес Офистің назарына

Бідің аты жөндерімізді және біз хат жіберіп отырған электронды поштаны жарияламауыңызды сұраймыз.

1. \_\_\_\_\_ Түркістан қаласы Қарашық селолық округі, Бірлік Поселкасы, ұялы тел.
2. \_\_\_\_\_ Түркістан қаласы Қарашық селолық округі, Бірлік Поселкасы

### **СҰРАНЫМ**

Өткен 2010 жылдың 10 наурызында жазған хатымызда біздің поселкамыздың қасынан Қытайдан Еуропаға салынатын жол туралы өз алаңдауымызды білдіріп, біздің екі талабымызды қойғанбыз.

Бұл хатпенен біз өзіміздің бұрын қойған, келешекте Түркістан қаласының ішінен транзиттік көліктің үрдісі өскеннен кейін, Қазақстан Үкіметі қаланың сыртынан айналмалы жолды жобалап және салуға дайын екені туралы кепілдік беруін талап еткен талаптарымыздан қайтпайтынымызды жеткіземіз.

Айналмалы жолдың екі баламасы бар:

1. Қаланың солтүстік жағынан Бірлік пен Қарашық поселкаларының арасынан, немесе
2. Қаланың оңтүстік жағынан, онда айналмалы жол темір жол Ташкент Орынбор темір жол магистралін екі рет кесіп өтеді.

Келешекте бұл жаңа жолдың салынуына Дүниежүзілік банк пен Қазақстан Үкіметі қол қойған ресми құжаттың қабылдануы кепіл бола алады.

Біз бұл сұранымның Дүниежүзілік банктің Атқарушы Кеңесте ресми тіркелгенін тілейміз.

Біздің тектеріміздің және мекен жайларымыздың, электронды поштаның деректерін көрсетпеді сұрағанымызды қайтадан естеріңізге саламыз.

Құрметпен, Бірлік поселкасының тұрғындары.

\_\_\_\_\_ және \_\_\_\_\_

### **Үшінші қатынас (2010 жылдың 24 ақпаны)**

Кімге: Атқарушы Хатшыға; Инспекциялық Кеңес  
1818 Н көшесі, Норст-Вест, Вашингтон, 20433, АҚШ  
Факс : (202) 522-0916, немесе соған сәйкес Офистің назарына

Біздің аты жөндерімізді және біз хат жіберіп отырған электронды поштаны жарияламауыңызды сұраймыз.

1. \_\_\_\_\_ Түркістан қаласы Қарашық селолық округі, Бірлік Поселкасы, ұялы тел.

2. \_\_\_\_\_ Түркістан қаласы Қарашық селолық округі, Бірлік Поселкасы

### СҰРАНЫМ

2010 жылғы 8 сәуірдегі хатымызда біз Түркістан қаласының сыртынан жаңа айналмалы жолды салуға Қазақстан Үкіметінен Дүниежүзілік банк пен Қазақстан Үкіметі қол қойған ресми құжаттың қабылдануы арқылы кепілдік беруін сұрағамыз.

Оған қоса біздің сұранымның Дүниежүзілік банктің Атқарушы Кеңесте ресми тіркелгенін сұрағамыз.

Біз бұл хатымызда Дүниежүзілік банктің жобасына жататын Оңтүстік-Батыс жолдары: Батыс Еуропа-Батыс Қытай халықаралық транзиттік дәліздің (ОАӨЭЫ - 1b және 6b) зиянды әсерлері туралы айтпақпыз.

«Қазжолжоба» ЖШС деректеріне қарағанда 2012 жылы Түркістан қаласына тәулігіне 6867 автомобиль кіріп, ал Түркістанан Қызылорда бағытына 2971 автомобиль шығады. Көлік және коммуникация вице-министрі Дулат Көтербековтың айтуынша кәзіргі кезде Түркістанға Шымкент бағытынан 5000 автомобиль кіріп, 800ге жуығы шығады.

Қарапайым есеп көрсеткендей жобаланған айналмалы жолда транзиттік салмақ келешекте 3,5 есеге көбейіп, біртіндеп қала орталығына да жетеді. Сондықтан да көліктің транзиттік ағымының қаланың ортасында 1,75 есе өсуі Түркістан қаласының тұрғындары үшін экологиялық апат болады.

Дүние жүзі мұсылмандары үшін Түркістан екінші Мекке болып саналады. Қаланың келешекте қауіп-қатерленуі және мұсылман келушілерінің денсаулығына туатын қауіп, туризмнен игілік алып отырған қала бюджетіне, және де село тұрғындарына да келешекте қайтадан орны толмас залал әкеледі.

Былайша айтқанда, жобаланып отырған айналмалы жолдың экологиялық және эконимикалық кері әсерлерін азайту үшін 5 жылдан кейін Түркістанды айналып өтетін жаңа жол салу керек. Ал бұл үшін ҚР Үкіметі әры кеткенде 5 жылдан кейін Түркістанды айналып өтетін жаңа жол салынатына кепілдік беруге тиіс.

Біз бұл сұранымның ресми тіркелгенін тілейміз.

Біздің тектеріміздің және мекен жайларымыздың, электронды поштаның деректерін көрсетпеді сұрағанымызды қайтадан естеріңізге саламыз.

Құрметпен, Бірлік поселкасының тұрғындары.

\_\_\_\_\_”